

МӘДЕНИ МҰРА



КУЛЬТУРНОЕ
НАСЛЕДИЕ
СТР-87

ISSN 1684-9302

0 2



9 771684 930167

ТҮРКИЯ КІТАПХАНАЛАРЫ МЕН ҚОЛЖАЗБА ҚОРЛАРЫНДАҒЫ ТАРАЗДЫҚ, ТҮРКІСТАНДЫҚ ОЙШЫЛДАРДЫҢ ЖАЗБА МҰРАЛАРЫ



Әбсаттар ДЕРБІСӘЛІ,
Р. Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының директоры, филология ғылымының докторы, профессор

Түркияның көптеген жоғары оқу орындары мен бірқатар мемлекеттік және жеке кітапханалар мен қолжазба қорларында еліміздің ортағасырлық шаһарлары һәм кенттерінен шыққан арыстарының әлі күнге дейін жарық көрмеген және ара-кідік басылған да еңбектері сақталған.

Солардың ішінде Отырар, Исфиджаб-Сайрам, Тараз, Баласағұн, Түркістан, Сығанақ, Жезді ғұламаларының түрлі тақырыпты қамтитын қолжазбалары көптігімен таңғалдырады. Мысалы Әбу Насыр әл-Фараби, Мұхаммед бин Ахмед бин Иусуф әл-Исфиджаби, Абд әл-Уахид бин Мұхаммед ас-Сайрами, Ала ад-дин Түркістани, Ибатулла ат-Түркістани ат-Тарази, Хұсам ад-дин Хұсейн бин Әли Хажжаж әл-Ханафи ас-Сығнақи, Мұхаммед Абд ас-Саттар әл-Кердери, Мұхий ад-дин Женди шығармалары және Қожа Ахмет Йасауи «Диуанының» көшірмелері жиі кездеседі.

Түріктер ондай асыл дүниелерді ұзақ ғасырлар бойы Таяу және Орта Шығыстың мәдени, ғылыми, рухани орталықтары Бағдад пен Басра, Дамаск мен Халаб, Мекке мен Мәдина, Каир мен Тунистен жинаған. Өйткені 1517 жылдан бастап араб дүниесі мен олардың аталмыш шаһарлары түріктердің құзырында болды. Сол себепті де ұлан-ғайырға көсілген дәулет

астанасы Ыстамбұлға және Түркияның өзге де қалаларына тек жазба жәдігерліктер ғана емес, сондай-ақ түрік патшаларының Ыстамбұлдағы Топқапы сарайына Ибраһим (ғ. с.), Исмаил (ғ. с.), Мұхаммед (с. ғ. с) пайғамбарымыздың жеке заттары, қасиетті Кағбаның кілттері, халифалар мен әскери қолбасшылардың қылыштары да әкелінді. Олардың арасында Алла Тағаланың соңғы елшісінің (с. ғ. с.) хаттары да бар. Аса құнды ол заттар қазірге дейін көздің қарашығындай сақталуда.

Иә, Түркия – исламдық жәдігерлер мен мұраларды жинап, сақтауға, зерттеуге ерекше көңіл бөліп келе жатқан өркениетті ел, оның кітапхана қорлары араб, парсы, шағатай һәм осман-түрік тілдеріндегі қолжазбаларға байлығымен танымал.

Елдің кітапханаларындағы ислам өркениетіне қатысты ондай дүниелер жайлы мәліметтерді Ыстамбұлдағы төмендегідей кітапханалар мен қолжазба қорларын табуға болады.

ISAM – түрікшеден аударғанда «Ислами зерттеулер орталығы» дегенді білдіретін қысқартылған сөз. Ол Түркия уақыфтарының бас кеңесіне бағынады. Мекеме Ыстамбұлдың Азия бөлігіне арнайы салынған әдемі ғимаратқа жайғасқан. Кітапхана қорына



тек Түркиядағы ғана емес, әлем елдерінде басылып жатқан исламға қатысты зерттеу кітаптары да алдырылып отырады, ондағы қолжазбалар каталогі компьютерге түсірілген, керек жазбалардың көшірмелерін дайындап бере алады. Жалпы Түркияның ислам саласындағы зерттеуді жеңілдету, ынталандыру жолында техника мүмкіндіктерін кеңінен пайдалану өзгелерге үлгі деуге болады. Соның бір дәлелі – кітапханаларында сақталған бағалы кітаптар мен қолжазбалардың электронды көшірмесін тез жасауға алу мүмкіндігі.

ISAM-да орындалып жатқан игілікті жұмыстардың бірегейі – көптомды Ислам энциклопедиясының қазірдің өзінде 45 томының шығып үлгеруі.

Түркияның түрлі кітапханалары мен қолжазба қорларында 2001-2010 жылдары, ал Ыстамбұлға арнайы барған, яғни 2013 жылғы сапарымда осы ежелгі шаһардағы ISAM мен төмендегі бірнеше кітапханалар мен қолжазба қорларында жұмыс істедім.

Сүлеймания кітапханасы Ыстамбұлдағы XVIII ғасырдан бері қызмет етіп келе жатқан ежелгі, үлкен кітапханалардың бірі. Ол атақты Сүлейман патша мешітінің жанында, мешіт кешенінің құрамдас бір бөлігі. Құрылысы 1557 жылы аяқталған. Әуелде



ғибадатхананың арнайы жеке кітапханасы болмаған. Сол себепті ол медресенің хұжыраларына бөліне жайғасқан.

Кітапхана рухани жазба дүниелерге бай. Оның қорына XVIII-XIX ғасырларға жататын 73 мың қолжазба мен 50 мың кітап, 94 мың уақып заттары бар.

Баязит – Ыстамбұлдағы үлкен кітапханалардың бірі. Оның қоры бір миллионнан астам еңбектерді қамтиды, олар: кітаптар мен мерзімді басылымдар, газеттер, сирек ұшырасатын шығармалар, карталар мен плакаттар және мұрағаттағы теңгелерді де



қамтиды. Кітапхана оқу залдары, арнаулы аспаптармен жабдықталған кабинеттер, мүгедектерге арналған бөлмелер, музыка және бейне нөмірлер, салтанатты мәжіліс өткізетін залдардан тұрады.

Нури Османия кітапханасы да Ыстамбұлда. Құрылысы I Махмұт патша кезінде 1749 жылы басталып, 1755 жылы III Осман патшаның тұсында аяқталған. Сәулетшісі – Синан Калфа. Кітапхананың басты ерекшелігі – ғимараттың барокко стилімен тұрғызылғандығы. Кітапхана мешіттің шығыс жағында, екі қабатты жеке ғимаратта. Үстіңгі қабаты оқу залы мен қойма. Ғимараттың барокко стилінің ең басты ерекшелігіне саятын 30 гипстік сылақты терезелері, екі есігі бар. Бірінің үстіңгі жағына араб тілінде «Білімді тал бесіктен жер бесікке дейін ізде» деген хадис өрнектелген. Кітапхана коллекциясында осман, араб, парсы тілдеріндегі қолжазбалар, I Махмұт пен III Осман патшалар және Байрам пашаның 79 қолжазбасы бар.

Орта Азия мен Қазақстан тарихын зерттеушілердің бірі Ресей тарихшысы А.Ю. Якубовский (1886-1953) XX ғасырдың 20-жылдары Сығанақ жайлы мағлұмат жинап жүргенде, академик В.В. Бартольд (1869-1930) оған Ыстамбұлға барған сапарында осы Нури Османия кітапханасында сақтаулы «Минман наме-ий Бұхара» – «Бұхара мейманының жазбалары» атты қолжазбадан (Фазл Аллаһ ибн Рузбихан Исфাহани) Сығанақтың бір ақынының:

*Бұрын бұл қамсыз ел еді,
«Ниһаяны»* құрастырған,
«Һидаяны»** зерлеген
Ғұламалар мекені.
Тағдыр жазса тағы да,
Сығанақтық болар ек,
Сәби өмір бой көтерсе кезеңі, –*

деген өлең жолдарын жазып әкеліп береді. А.Ю. Якубовский оны кейінірек (1929) «Сығанақ қаласының жұқаналары» атты еңбегіне эпиграф етіп алған¹.

Миллет кітапханасын 1700-1701 жылдары Шейху-л Ислам Сейд Фейзуллах Эфенди салдырған.



XIX ғасыр басында кітапхананы бұзу ұйғарылған, себебі кітапхананың орнына көлік тұрағын салу қажет деп саналған. Солай болса да Ыстамбұл әуесқойлар Ассоциациясы Назири Аукаф пен Шейху-л Ислам Хайри Эфендидің қолдауы және күш-қайратының арқасында кітапхана жойылудан аман қалған. Кітапхананы қалпына келтірумен қатар Фейзуллах Эфенди оған 2189 қолжазба, ал Әли Эфенди 1600 кітапты сый еткен.

Ыстамбұлда Рашид Эфенди, Жаруллах Эфенди, Хакимоғлы, Әли Паша және басқалар салдырған кітапханалар да болған. Бірақ 1942 жылдан соң олардың кейбірі жарамсыз күйге түскен. Сол себепті ондағы дүниелердің бірқатары Фейзуллах Эфенди кітаптарының қорына жиналады.

Мұрат Молла, Әділ Сұлтан, Юсуф Паша Хакимоғлы, Әли Паша көпшілік кітапханалары және Әбу Бәкір Паша, Явуз Селим, Әли Эфенди балалар кітапханасы ретінде қызмет атқарды.

Мұрат Молла кітапханаларындағы қолжазбалар 2000 жылы Сүлеймания кітапханасына берілген және қоры көпшілік үшін ашық болған.

Ыстамбұл кітапханасы шаһардың ең үлкені. Оның құрамына Ыылдыз кітапханасындағы (Сұлтан Абдул Хамид III-нің шамамен 30 мың жеке коллекциясы) және өзге де жеке коллекциялар кіреді. Университеттің әр факультетінің жеке кітапханалары да бар.

Ыстамбұл университетінің кітапханасы, 1933 ж. бастап осы оқу орнының Орталық кітапханасы деп атала бастайды.

Топкапы сарайы кітапханасы 1928 жылы құрылған. Топкапы сарайы мұражайының жанында. Ол Ыстамбұлдағы екінші көне кітапханалардың бірі. Мұнда османдық хұснихат өнерінің үлгілері, сонымен қатар қамыс қарындаш пен бояу жаққыш қарындаштар сақталған жәшік, қайшылар, пышақтар, қасиетті Құран сақталған қаптама, кітап қоюға арналған сүйемел, мөрлер мен карталар сақталған. Кітапхана көшірме және баспа қызметтері, микрофильмдер мен суреттер қызметін көрсетеді.



Көпрүлү кітапханасын ұлы елші Мехмет Көпрүлү 1661 ж. салдырған. Кітапхана шағын бау ішінде, Чемберлітас алаңының оңтүстік жағында – үш жағы көше. Кітапхана кірпіш пен тастан қаланып, күмбезбен көмкерілген.

Ыстамбұлда сондай-ақ:

Атиф Эфенди кітапханасы,

Рагиб паша кітапханасы,

Хаджи Салим аға кітапханасы,

Фатих Файзулла Эфенди кітапханасы бар.

Ал, **Анкара кітапханасы**, яғни Ұлттық кітапхана 1946 жылы Халықаралық кітапханалар үйі негізінде қаланған. Ол Түркиядағы ең үлкен рухани жазба дүниелер үйінің бірі.

Ондағы кітаптар қоры 5 салаға бөлінген:

Ежелгі шығыс және түрік тілдеріндегі қолжазбалар;

Түрік кітап басып шығару ісінің бастапқы кезіне дейін басылған, қатталуы қолжазбаға ұқсас кітаптар. Олар: 1729-1928 ж. араб шрифтімен терілген түрік басылымдары;

1928 жылдан бастап шыға бастаған барлық түрік басылымдары;

Түркия туралы басқа тілдердегі кітаптар;

Барлық білім салары бойынша құнды шетел бапалары жатады.

Сонымен, Түркия қолжазба қорларында авторлары Тарази, Түркістани деп көрсетілген де біраз дүниелер бар. Олардың кейбірі Түркістан қаласы, яки Түркістан өлкесінен шыққандықтан Түркістани деп аталды ма, жоқ па, қолымызда ол туралы мәлімет жоқ. Түркістанилердің дүниелерінен де авторларының дәл қай жерлік екенін білдіретін жолдарды кездестірмедік. Бірақ Хибадулла ат-Тарази Түркістани, Махмуд бин Сайид ат-Түркістани ат-Таразилердің қазақ жерінен екендігі айқын болса, ал



өзгелерінің жалпы түрктенді немесе Орталық Азиядан екендігі даусыз.

Осы ретте әуелі олардың туған мекендері Тараз бен Түркістан туралы араб, парсылді деректері не дейді мәселесіне тоқтала кетейік.

Ортағасырлық жиһанкез, пошта қызметкері Әбу-л Қасым Убайдулла ибн Абдалла ибн Хордадбеһтің (820-?) «Китаб әл-масалиқ уа-л мамалиқ» атты еңбегінде Тараз бен Талас өлкесіндегі Құлан, Меркі, Асфара туралы да деректер бар. Соның ішінде әуелі Таразға тоқталған ибн Хордадбеһ: «Исфиджабтан (қазіргі Сайрам) (Таразға) дейін 26 фарсах (Бір фарсах – 3 милл. 1 араб милі 2 шақырым. Кейбір деректерде 3 милл 6 шақырымға тең делінеді – Ә.Д.), Тараздан төменгі Нушаджанға дейін 3 фарсах, сонан соң Каср Басыға дейін 2 фарсах. Бұл жерлер ыстық, онда қарлұқтар (Әл-Харлухийя) тұрады, олардың қасында халладжердің (Әл-Халладжийя) қыстауы бар. Әрі қарай Құл Шубаға дейін 4 фарсах, сонан соң Джул Шубаға дейін 4 фарсах, бай Құлан кентіне дейін 4 фарсах, үлкен Берки (Меркіге – Ә.Д.) кентіне дейін 4 фарсах, Асбараға (Аспараға – Ә.Д.) дейін 4 фарсах, үлкен Нұзкет (Қара балта маңындағы мекен – Ә.Д.) кентіне дейін 8 фарсах... Тараз бен тоғызғұздардың (түрк тайпаларының бірі – Ә.Д.) мекеніне дейін дала арқылы жүрсең 81 күн»² деп жазады.

(Кавикат Төменгі Нушаджан, Каср, Бас, Кул Шуба, Дитул Шуба – Шу алқабындағы кенттер мен елдімекендер – Ә.Д.)

Ал, Мұхаммед Хайдар Дулати (1499-1551) «Тарих-и Рашидиде»: «Осы кітаптарда айтылатын қалалардың бірі – Тараз. Онда моғолдар Таразды «Йанги» деп атайды. Бұл Йангидың Моғолстанда орналасқаны айқын. «Йангидың адамдары Мауараннаһрда да көп. Оларды «йангилықтар» деп атайды. Алайда өздері Йанги деп атайтын сол далада бірнеше қалалардың

іздері, мұнаралардың күмбезінің қалдықтары, ханака және медреселердің орны сақталған. Ал осы ескі қалалардың ішінде дәл қайсысының Йанги деп хәм басқа қалалардың қалай аталғаны беймәлім»³ дейді.

«Бахр әл-асрар фи манақиб әл-ахйардың» авторы Махмуд бин Әли (1595-?): «Тараз Ферғана облысының (мамлакат) шекарасындағы қала. Қашғармен іргелес. Бесінші ықылымда. Климаты жақсы және жағымды. Тараздың жері қолайлы және жағымды. Тұрғындарына батырлық пен қаһармандық тән. 160 жыл бұрын Тараз өте бай абаттандырылған қала еді. Одан қазақтар мен қырғыз әскерлерінің жорықтарына байланысты қала құрдымға кетті, яғни сағымға айналды.

Бұрындары оның тауарлары алтын, күміс, құлдар (ғұламдар), күндер және жылқылар болатын»⁴ деп жазған.

Сондай-ақ ол тағы да: «Түркістан кең байтақ, жанға жайлы ел. Онда көптеген қалалар, кең жазық далалар мен оған қарасты бағынышты жерлер бесінші, алтыншы, жетінші ықылымның шығыс жағында. «Гарайбтың» авторының (Әбу-л Фида (?-1299)) айтуынша, ол Сейхунның солтүстігінен Қарамұрын өзенінің жағалауына дейін жайылып жатыр. Бұл жерлерді бүгіндері Моғолстан деп атайды. Оған Қашғар, Йаркенд, Хотан, Тибет, Балуристан, Солтүстік және Оңтүстік Қытай кірмейді. Ол жерлер Тура ибн Фаридунға қарата Туран деп аталады. Бірақ қазір Түркістан (Түркістан қаласы) Сакси шаһары, қарапайым халық оны Йасы деп атайды. Қожа Ахмет Йасауи осы облыстан (қаладан) шыққан және ол сол жерге жерленген. Осы күндері оны халифа лауазымды аштарханидтер әулетінің Бұхар ханы Имам Кули хан (1611-1642) атынан қазақ сұлтандары билейді» десе, «Моғолстан жайлы М. Х. Дулати (1499-1551) да: «Шағатай мемлекетінің құлауы сал-

дарынан XIV ғ. ортасында қазіргі Оңтүстік Шығыс Қазақстан, Қырғызстан аумағында құрылған, дулат тайпасының ықпалы мықты болған тәуелсіз мемлекет. Құрамына түркітіді және түрктенген моғол тайпаларын біріктірді. XIV ғ. ортасына дейін өмір сүрген Моғолстан шекарасы XIV-XVI ғ. бойы өзгеріп отырғандығы «Тарих-и Рашидиде» (277-бет) толық көрсетілген. Моғолстан аумағына алғашында Сырдария, Сарысу, Балқаш, Ертіс аралығындағы байтақ жер қараған. Содан кейін Қырғызстан және Іле өлкесінің көп бөлігі кірген. Моғолстан ыдыраған кезде моғол хандарының билігі Қашғарияда ғана жүрді»⁵ деп нақтылай және анықтай жазған.

«Сонымен Түркістан елі ертеректе және қазір де Тура ибн Йафас ұрпақтары тұратын мекен және жұрт. (Түркістан) шаһарының Шыңғыс хан тұсындағы орталықтары Келуран (?), Қарақорым (Орхон өзені бойындағы ортағасырлық қала), Көккесене (Сығанақтың оңтүстік-шығысында 5 шақырым жерде болған ерекше архитектуралық ғимарат), Дешті Қыпшақ (кең байтақ қазақ даласы).

Бұл елдің (мүлік) әртүрлі кезеңдері, түрлі ерекше аты және атаулары болды. Тура ибн Йафас дәуірінен Моғол ханға дейін бұл елдің тұрғындары түркітер деп аталды. Моғол хан билік басына келгеннен бастап барлық онда тұратын тайпаларға моғол деген ат тағылды. Өзбек ханның туы көтерілгеннен бастап күні бүгінге дейін бұл жұрттың халқы өзбектер деп аталды. Бұны Тұран мен көршілес елдер мойындаған, ал басқа елдер бұрынғысынша бүкіл Тұран елін түркітер деп атайды. Алла жарылқап, оған сәлем жолдағыр пайғамбар: «Олар сендерге тиіспесе, түркітерге сендер де тиіспейдер» деген. Бұл халықтың қатігездік, ептілік, батырлық және қаһармандықпен аты шыққан. Қазір жаһанның көпшілік бөлігін осы халық билейді, яғни соларға тиесілі...»⁶ дейді.

Иә, сөйтіп Тараз бен Түркістанның да Отырар секілді тарихы алабөтен. Ол қанша шапқыншылық, жаугершілік, ұрыс-соғысқа ұшыраса да ес жиып, күл астынан қайта көтеріліп отырған. Тараз ислам мәдениеті мен ғылымына да өзіндік үлес қосқан. Одан елуден астам ғалымдар шықты. Әсіресе Тараз қарахандықтар тұсында өркендеді. Әйтсе де жалпы жұрт түгілі ғалымдар да осы қаладан шыққан, еңбектерін араб тілінде жазған ойпаздардың еңбектері түгілі, есімдерін де біле бермейді. Түркия қолжазбалар қорында солардың бірі – Һибатулла ат-Таразидің да шығармалары сақталған.

1. Һибатулла бин Ахмед бин Муалла ат-Түркістани ат-Тарази (1272-1333).

Һибатулла бин Ахмед бин Муалла бин Махмұд Шұджа ад-дин ат-Түркістани ат-Тарази Таразда

Һижраның (1271/73) жылы туылған. Шұджа ад-дин лақап аты. Алғашқы білімді ол осында алған соң, соңыра ғалым ілім іздеп, баласын ертіп жолға шығады. Әуелі Дамаскіге келіп тұрақтайды.

Мұнда ортаазиялық ғылым іздегендер мен жетістіктерге жетіп, ұстаз дәрежесіне жеткендермен танысып, достасады, қызметтес болады. Осы ретте оған сабақ берген Ходженттен Әбу Мұхаммед Жалал ад-дин Умар бин Мұхаммед бин Умар әл-Хаббази әл-Бахтияри әл-Ходжендиді атай кету керек. Ол көрнекті ханафи ғалымы еді. 1232 жылы Сырдария бойындағы Ходжент шаһарында дүниеге келген-ді. Осында және Иззия медреселерінде дәріс берген. Хаббази 1292 жылы дүниеден өткен. Оның «әл-Муғни фи усули-л-фиқһ», «Хашияту-л-Һидаиһа» – «Әл-Һидаиһа ескертулер», «Һади фи усули-д-дин» атты еңбектерінің қолжазбалары біздің заманымызға жеткен. Ол туралы Құраши7, Ибн Құтлұбұға8, Ташкупри-Заде, Хаджи Халифа9, Ибну-л-Имад, Лакнауи10, К.Броккельман11 сияқты ғалымдар қалам тербеген.

Һибатулла да өзге де ілім қуған Орта Азия перзенттері секілді Дамаскіде Хаббазиден тағлым алған. Білімін байытқан соң ұстаз болып қызмет еткен. Ортаазиялық жастардың осында білім алып, биік белеске көтерілуіне барынша көмектескен. Дамаскіден соң Һибатулла ат-Тарази ат-Түркістани Каирге келеді. Ежелгі қалада кезінде Заһир ад-дин Бейбарыс салдырған медреседе ұстаз болып істейді. 1334 жылы дүниеден өткен ол артына көптеген еңбектер қалдырған.

Һибатулла Ханафи мазһабын берік ұстаған ғалымдардың бірегейлерінен. Сондықтан осы мазһабтың көрнекті өкілі саналады. Тараздың ғалым перзенті ортаазиялық Ханафи ғұламасы Әбу Жағфар Ахмед бин Мұхаммед бин Салам бин Абд әл-Малік әл-Азди ат-Тахауи (853-933) трактаттарына түсіндірме жазған.

Махмұд ибн Сулейман әл-Кафауи (?-1582/83) аталмыш еңбегінде Тараз ұланына бір беттей арнаған. Онда ол «Шұджа ад-дин Һибатулла ибн Ахмед ибн Муалла ибн Махмұд ат-Түркістани ат-Тарази Дамаскіге келіп, Әбу Мұхаммед Жалал ад-дин Умар бин Мұхаммед бин әл-Хаббази әл-Бахтияри әл-Хұджандиден (1232/1293) дәріс алды. Ғылыми дәреже мен кемелдікке жетті. Ол фақих усули еді, пікір таластырғанды ұнататын, зерттеу ғылымы бойынша тамаша маман-ды. Барлық рационалды және дәстүрлі ғылым салаларына атсалысты. Ол түрлі жинақтар, шығармалар, лекциялар мен кітаптардың авторы. Оған көптеген елдерден ғылым іздегендер келіп жататын. Ол барлық уақытта іспен шұғылданып жүретін иманды, беделді кісі-ді. Ол

туралы халық жақсы айтатын, кітап беттерінде де аталып жататын. Ол Әбу Абдалла Мұхаммед бин әл-Хасан бин Фарқад аш-Шайбанидің (749-805) «Жамиғ әл-Кабир» – «Үлкен жинақ», «Ақидат ат-Тахауиге» – «Тахауи ақидасына» түсіндірме жазды. «Табсират әл-асрар фи шарх әл-Манар» – Әл-Манарға «Түсіндірмелердегі сырлар», «Китаб әл-Гуар» – «Таңдаулы өлеңдер кітабы», «Китаб әл-Иршад» – «Насихат кітабы», «Китаб әл-Мисал» – «Мысалдар кітабы» атты қолжазбалары бар¹².

Үнді ғалымы Мұхаммед Абд әл-Хайй әл-Лакнауи әл-Һинди (1848-1886): «Ол Тадж ад-дин әл-Ашқардан «әл-Жамиғ әл-Кабирді» – «Үлкен жинақты» оқыды. Оның ұлы Мұхаммед ибн Һибатулла ибн Ахмед ат-Тарази «Әл-Жауаһир әл-мудийаның» авторы Әбу Мұхаммед Абд әл-Кадир Құрашимен (?-1373) бірге оқыған. Ол «әл-Жауаһир әл-мудийада» «Әл-Ашқар әл-Имад Тадж диннің лақап аты. Одан және әл-Хаббазиден (1232-1293) біздің шейхымыз Һибатулла Шұджа ад-дин оқыған. Ал ол Абдалла ибн Мұхаммед ибн Зайдтің лақабы» десе, Орта Азиялық тарихшы Әбу Сағд ас-Самани (1113-1167): «Ол ханафит шейхы, өз кезегінде Бұхарада көп хадисайтқан, һижраның 954-955 жылы дүниеден өтті. Ол Бұхарадағы ханафи ғалымдарының ішіндегі білгірі, өз мазһабын қорғаушылар ішіндегі белсендісі еді. Оны әл-Хаким «Тарих Нисабурда» «Нисабурға ол 951-952 жылы өкіл ретінде келіп еді» деп еске алады»¹³ деп жазады.

Түркия қолжазба қорларында Тараз перзентінің төмендегідей трактаттары бар:

– «Табсирату-л-асрар фи шархи «әл-Манар» – ««Әл-Манарға» түсіндірмелердегі сырлар». Қолжазба. Сүлеймания кітапханасы.

– «Шарх ақидати-т Тахауи» – «ат-Тахауидың «Ақидасына» түсіндірме» іспетті дүниелері сақтаулы. Қолжазба. Сүлеймания кітапханасы.

2012 ж. менің оның өмірі мен шығармашылығы туралы монографиям¹⁴ жарық көрді.

2. Саид бин Мухаммед ас-Сугди Жамал Түркістани.

Оның аты «Ар-Рисалату-л алайһа фи-л масаили-л хисабийһа» – «Хисаб мәселесі жайлы ... трактат» атты қолжазбаға байланысты айтылады. Ол Сүлеймания кітапханасында тұр. Бұл ғалым кейде Әл-Фараби деп те аталады. Ол Әбу Насыр Әл-Фарабиге дейін, шамамен VIII-IX ғасырларда өмір сүрген сияқты (?).

3. Махмуд бин ас-Саид Насир ат-Түркістани ат-Тарази.

Оның аты «Ан-Назму-л хауи ли ақидати-л имам ат-Тахауи» (855-933) – «ат-Тахауи ақидасын қамтитын жыр» атты қолжазбаға байланысты айты-

лады. Ол дүние Мармара университеті илаһийат факультетінің кітапханасында сақтаулы.

«Қасаиду-л Махмудийа» – «Махмудия қасидасы» атты қолжазба Мармара университеті илаһийат факультетінің кітапханасында.

«Ан-Наджах фи-с сарф» – «Грамматикадағы жетістік». Қолжазба Баязит кітапханасы.

4. Шейх Алим Түркістани (Абдуллаһ бин Мұхаммед бин Абдул Азиз ас-Самарқанди). Оның Түркияда «Рисалати-л қалб фи-л малакут» – «Руханият әлемінде жүрек» атты трактатының қолжазбасы бар (Бурса аймақтық жазбалар кітапханасы).

«Рисала фи мағрифати-л инсан» – «Адамды тану жайлы» трактат. Қолжазба. Бурса өңірлік жазбалар кітапханасы.

«Рисала фи-л абади уа-л убудийа» – «Құлдар мен құлшылық туралы трактат». Қолжазба. Бурса өңірлік жазбалар кітапханасында сақтаулы.

Автор жайлы дерек жоқ.

5. Абдуллаһ Реджеп Түркістанидің «Түркістан милли харакатлары» – «Түркістан ұлттық қозғалыстары». Қолжазба. (Ыстамбұл, 1945) Мармара университеті илаһийат факультетінің кітапханасында сақтаулы.

Автор жайлы дерек жоқ.

6. Иса Йусуф ат-Түркістанидің «Доғу Түркістан инсанликтан йардым истийор» – «Шығыс Түркістан адамзаттан жәрдем сұрайды» атты қолжазбасы Мармара университеті кітапханасында;

«Қадиату Түркістани-ш шарқийа» – «Шығыс Түркістан мәселелері» атты еңбегінің қолжазбасы Мармара университеті кітапханасында сақтаулы.

Автор жайлы дерек жоқ.

7. Абдуллаһ бин Мұхаммед әл-Қашғари ат-Түркістани Нидаи. Оның Сүлеймания кітапханасында «Хайратнама» атты қолжазбасы бар.

«Мухаммасат». Қолжазба. Сүлеймания кітапханасы.

«Ширин Шамайл» – «Тәтті бейне». Қолжазба. Сүлеймания кітапханасы.

«Рисала фи баййани тариқати-н Нақшбандийа – «Нақшбандия тариқатының баяны туралы трактат» Қолжазба. Сүлеймания кітапханасында.

«Диуан Нидаи» – «Нидаидың жинағы». Қолжазба. Сүлеймания кітапханасы.

«Хаккия Нидаи» – «Һидаидың хаккиясы». Қолжазба. Сүлеймания кітапханасы.

«Рисала Мухтасар фи-т тасауууф» – «Сопылар жайлы қысқа трактат». Қолжазба. Сүлеймания кітапханасы.

«Хаққия» – «Ақиқаттық». Қолжазба секілді дүниелері (Сүлеймания кітапханасы) бар. Автор жайлы дерек жоқ.

8. Мұса бин Жаралла ибн Фатима ат-Түркістани. Оның түрік «Тариху-л Құран уа-л мусахиғ» – «Құран және мұсахафтар тарихы» шығармасы бар. Қолжазба. Сүлеймания кітапханасы. Сондай-ақ осы кітапханадан аталған автордың «Қауаиди-л фиқһийа» – «Фиқһ (ілімінің) қағидалары (туралы)», «Шариат не ичин руиете иғтибар етмиш» – «Шариғатта не үшін түске орын берген», «Узун гундерде рузе» – «Ұзақ күнде де ораза ұстау жайлы» сияқты қолжазба еңбектерін көрдік. Автор жайлы дерек жоқ.

9. Саид бин Мұхаммед ат-Түркістани

«Рисалату-л алақа фи масаил хисабиия» – «Есеп мәселеріндегі байланыс». Қолжазба. Сүлеймания кітапханасы. Автор жайлы дерек жоқ.

10. Ала ад-дин Түркістани:

«Манзума фи-л фиқһ» – «Өлеңмен [жазылған] фиқһ ілімі». Қолжазба. Баязит кітапханасы, «Назмү адади-л кабаир». Қолжазба. Бурдур облыстық кітапханасы, «Рисала фи-л кабаир уа-с сағир» – «Үлкен және кіші күнәлар жайлы». Оның Сүлеймания кітапханасында «Қасида фи адади-л кабаир» – «Үлкен күнәлардың саны», «Манзума фи адади-л кабаир», «Расала фи-л кабаир», «Манзума» – «Өлеңдер», «Манзуме фи баяни адади-л кабаир», «Рисала фи абидаил кабаир» қолжазбалары сақталған. Бәрі үлкен күнәлардың санын білдіретін бір еңбек сияқты. Автор жайлы дерек жоқ.

11. Абд ар-Рашид Ибраһим бин Умар ат-Түркістани

«Алами-л Ислам ве Жапонияда Интишари Исламийат» – «Ислам әлемі және Жапонияға Исламның

таралуы». Қолжазба. Сүлеймания кітапханасы. Автор жайлы мағлұмат жоқ.

12. Дауд бин Абдул Бақи бин Айбек ат-Түркістани

«Жамиғ әл-қауаид» – «Ережелер топтамасы». Қолжазба. Сүлеймания кітапханасында сақтаулы. Автор жайлы мағлұмат жоқ.

13. Әбу-л Мааъб әл-Хамадан (шейх Алим Түркістани) – «Рисала фи мағрифати-л инсан» – «Адамды тану жайлы трактат». Автор жайлы мағлұмат жоқ.

14. Дауд бин Абд әл-Бақи Айбек ат-Түркістани.

«Джамиғ қауағид». «Ережелер жинағы». Қолжазба. Сүлеймания кітапханасы.

15. Алам ад-дин ат-Түркістани.

Салах ад-дин Халил бин Айбек ас-Сафади (1296-1363) «Әл-Уафи би-л уафаят» атты 24 томдық еңбегінің 12-томында (327-бет) Алам ад-дин ат-Түркістани: Санжар әл-Амир Алам ад-дин ат-Түркістани атты жерлесімізді атап кеткен. Ол «құрметті, әдепті, батыр жаужүрек деп сипатталады. Ыжраның 677//1278 жылы қайтыс болды. Қасиун тауының етегіне жерленді»¹⁵ деп жазады. Соған қарағанда ол Шам елінде ғұмыр кешкен сияқты. Басқа дерек жоқ.

* «Нияяның» авторы – Сығанақ перзенті Хұсам ад-дин Хұсейн (Хасан) бин Әли бин Хажжаж ас-Сығнақи (?-1311/1317).

** «Һидаяның» авторы – Орта Азиялық көрнекті ғалым Әбу-л Хасан Бұрһан ад-дин Әли бин Әбу Бакр бин Абд әл-Жалил әл-Фарғани әл-Марғинани ар-Риштани (?-1197).

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Якубовский А.Ю. Развалины Сыгнака (Сугнака) // Государственная Академия истории материальной культуры. Том II. – Ленинград, 1929, 123-159-беттер.
2. Әбу-л Қасым Убайд Алла бин Абд Алла ибн Хордадбей. Әл-Масалик уа-л Масалик. Бриль-Бейрут, 1889, 28-29-беттер.
3. Мұхаммед Хайдар Дулати. Тарих-и Рашиди. – Алматы, 2003, 402-бет.
4. Материалы по истории Средней и Центральной Азии X-XIX вв. – Ташкент, 1988, 244 бет.
5. Мұхаммед Хайдар Дулати. Тарих-и Рашиди. – Алматы, 2003, 533-бет.
6. Материалы по истории Средней и Центральной Азии X-XIX вв. – Ташкент, 1988, 245-246-беттер.
7. Мухйи ад-дин Мұхаммед Абд әл-Қадр әл-Құраши. Әл-Джауаһир әл-мудийа фи табақат әл-ханафийа. – Рияд, 1970, 566-бет.
8. Қасым ибн Құтлубұға. Тадж ат-тараджим. – Бейрут, 1992, 3-бет.
9. Хаджи Халифа. Кашф аз-зунун. – Бейрут, 1992, 2-том, 1143, 1201, 1824, 1862-беттер.
10. Мұхаммед Абд әл-Хайй әл-Лакнауи әл-Һинди. Әл-Фауаид әл-баһийа фи тараджим әл-ханафийа. – Бейрут, 1998, 367-бет.
11. Brokelman C. Geschichte der drabischen Literatur. – Leiden-Brill. 1898.
12. История Казахстана в арабских источниках, III том. Извлечения из сочинений XII-XIV веков. – Алматы: Дайк-пресс, 2006, 166-167-беттер.
13. Мұхаммед Абд әл-Хайй әл-Лакнауи әл-Һинди. Фауаид әл-баһийа фи тараджим әл-ханафийа. – Бейрут, 1998, 367-бет.
14. Шейх Абсаттар Дербисали. Хибатулла ат-Тарази и его духовное наследие. – Астана, 2012, 136-188 бет.
15. Салах ад-дин Халил бин Айбек ас-Сафади. Әл-Уафи би-л уафаят. – Бейрут, 2010, 24-том; 12-том, 327-бет.

РЕЗЮМЕ

В статье дается обзор письменным наследиям мыслителей средневекового Тараза, Туркестана, которые хранятся в государственных библиотеках и рукописных фондах Турции.

SUMMARY

The article presents the overview of the written heritage of medieval thinkers in Taraz and Turkestan, which are kept in public libraries and manuscript collections in Turkey.

«ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ТҮСІНДІРМЕ СӨЗДІГІ» (15 ТОМДЫҚҚА ҚОСЫМША) ҚАЛАЙ ЖАСАЛДЫ

Мен 1967-95 жылдары Қазақ КСР Ғылым академиясының Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтында ғылыми қызметкер болып істеп, 1966-86 жылдар аралығында сол институтта жасалған «Қазақ тілінің он томдық түсіндірме сөздігіне» бастан-аяқ қатысып, әрі сол сөздікті түзуші 7-8 адамның бірі (өз басым 75 баспа табақ сөздік жасадым), әрі он томның сегіз томына жауапты редактор болып, басқалардың жасаған сөздіктерінің қолжазбаларын редакциялап шыққан адаммын. Он томдық түсіндірме сөздікті жасаушылардың міндеті – тіліміздегі сөздер мен тұрақты тіркестерді түгел жинап, реттеп, жүйелеп, олардың мағыналарын ашу болатын. Шамамыз келгенше солай істедік те.

Он томдық түсіндірме сөздікті жасап бітіп, баспадан басылып шыққаннан кейін (1986 ж.) қарап отырсақ, қаншалықты «ешбір сөзді қалдырмадық» дегенімізбен, одан кейбір сөздердің қалып қойғандығы белгілі болды. Жауапты редактор болғандықтан бұл жағдайға өзімді белгілі дәрежеде «кінәлі» санап, сол күннен бастап, өз еркіммен он томдық түсіндірме сөздіктен қалып қойған сөздер мен тұрақты тіркестерді жинауға кірістім. Ойым – он томдық сөздік толықтырылып, түзетіліп, қайта басылып жатса, соған қосып жіберу немесе егер қалып қойған сөздердің саны көп болып жатса, олардың жеке сөздігін жасау болатын. Сөйтіп жүргенде мен Ғылым академиясынан жоғары оқу орындарының біріне ауысып кеттім де (1995 ж.), ойға алған мақсатымды жүзеге асыруға қолым тимей кетті. Бірақ он томдықта жоқ сөздерді іздеуді еш тоқтатқан жоқпын. Кейін қол тигеннен кейін сөздігімізді әне жазамын, міне жазамын деп жүргенде А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының қызметкерлері «Қазақ әдеби тілінің сөздігі» деген атпен 15 томдық түсіндірме сөздік жасап, бастырып шығарды (2005-2011 ж.). Бұл – баяғы біз жасаған он томдық түсіндірме сөздіктің толықтырылған нұсқасы болатын.

35 жыл бойы «он томдықта жоқ» деп жиып жүрген сөздерімді он бес томдықтағы сөздермен салыстырып қарасам, рас, он томдықта жоқ, бірақ мен жиған сөздердің ішінде барлардың біразы 15 томдықта қамтылыпты. Алайда 15 томдыққа да енбей қалған сөздер мен тұрақты тіркестердің бар екендігіне және олардың аз еместігіне көзім жетті. Содан кейін «Қазақ тілінің сөз байлығын түгендеу» деген



Байынқол ҚАЛИҰЛЫ,
филология ғылымының докторы, профессор, Мемлекеттік сыйлықтың иегері

бұрынғы ізгі ниетімді жүзеге асыруға қайта кірістім. Бірақ бұл жолы он томдықта жоқ сөздер мен тұрақты тіркестерді емес, 15 томдықта жоқ сөздер мен тұрақты тіркестерді іздестірдім. Сондағы мақсат біреу ғана. Ол – 15 томдықта қамтылмай қалған сөздерді іздеп тауып, олардың сөздігін жасау, сол арқылы қазақ тілінің байлығын түгендеу. Келешекте қазақ тілінің 20 томдық түсіндірме сөздігі жасалып жатса, біздің бұл сөздігіміз соның қажетіне жарап қалсын деген ой.

Әрине, 15 томдықта жоқ сөздер мен тұрақты тіркестерді іздеп табу – бізге оңайға түскен жоқ. Қазақ сөздерін сонау Қазақ КСР Ғылым академиясы құрылған 1946 жылдан бастап, күні кешеге дейін жиналып келген картотекалық қорға сүйеніліп жасалған «Қазақ тілінің екі томдық түсіндірме сөздігінде» (1959-61) – бір рет, «Қазақ тілінің он томдық түсіндірме сөздігінде» (1974-86) – екінші рет, «Қазақ тілінің бір томдық түсіндірме сөздігінде» (1999) – үшінші рет, бүкіл бір институттың қызметкерлері түгел жабылып он жыл бойы жасаған 15 томдық «Қазақ әдеби тілінің сөздігінде» (2011) – төртінші рет түгенделсе, ол қайдан оңай болсын. Бұлардың сыртында «Абай тілінің сөздігі» (1968), академик І.Кеңесбаевтың «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі» (1977), «Қазақ тілінің аймақтық сөздігі» (2005) тағы бар.

Шындыққа жүгінсек, 15 томдықта жоқ сөздер мен тұрақты тіркестерді іздеп табу – егіні орылып, жиналып алынған егістіктің орнынан масақ терумен бірдей болды. Алғаш он томдықта, кейіннен он бес